

АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАДЫ

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ұжымы атынан Ұлы Жеңіс мейрамына орай оқу орнында қызмет еткен 22 соғыс және еңбек ардагерін үйді-үйлеріне барып құттықтап, қаржылай колдау мен азық-түлік жиынтығы табыс етілді.

8 мамырда университеттің ғылыми кітапханасында тәрбие жұмысы жөніндегі бөлім мен Жастар ісі жөніндегі комитеттің ұйымдастыруымен ардагерлермен кездесу өтті. Кездесуді ашқан университеттің бірінші проректоры, ректордың міндетін атқарушы Ө.Б. Таубаев самаларын ақ шалған ардагер аталарымыз бен апаларымызды Ұлы Жеңіс мейрамымен құттықтап, денсаулық, отбасы жылылығын тіледі.

«Қазақстан тарихы және философия» кафедрасының аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты Е.Е. Хайдаров «Қазақстан Ұлы Отан соғысы» жылдарында тақырыбына баяндама жасады. Тыл ардагері Ш.Х. Давлетъяров баяндамаға қатысты қосымша мәліметтермен бөлісті.

Кездесуге қатысқан Ұлы

«Елім» деп еңіреп, «жерім» деп жан қиған аталарымыздың ерлігі-бүгінгі жас ұрпаққа зор мақтаныш, үлгі-өнеге. Қан майданда қас жауымен арпалысып, Жеңісті жақындатқан ардагерлерге қандай құрмет көрсетсе де, артық болмайды.



Отан соғысының ардагері, экономика ғылымдарының кандидаты, тоқсан екі жастағы ақсақал Бірімжаров Әзекен Кәрімұлы сол бір сұрапыл кездің жадында қалған естеліктерімен бөлісіп, жас ұрпаққа жарқын болашақ тіледі.

Балалық шағы соғыс өртіне шарпылған тыл ардагерлері Ө.Ө. Қарасаев, Қ.Айтбайқызы кейінгі

ұрпаққа өнеге болар әсерлі әңгімелерін ортаға салса, университет жанындағы ардагерлер кеңесінің төрағасы Ө.Ш. Шамғонов және ауған соғысының ардагері, әскери кафедраның меңгерушісі В.П. Ладин ардагерлерге өз тілегін арнады.

Шара соңында өнерлі студенттердің орындауында майдан әндері әуелеп, даңқты «Жеңіс күні» әнімен

аяқталды.

Бір-бірін көптен көрмеген ардагерлер өздеріне арнап жайылған дастархан басында шүйіркелесіп, бір серпіліп қалды.

Кітапхана ұжымы тақырыпқа орай «Ұлы ерлік – ұрпаққа үлгі» атты кітап көрмесін жасақтады.

Айгүл АХМЕТОВА